

Жемдік қорды басқару жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2025 жылғы 21 тамыздағы № 255 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 22 тамызда № 36662 болып тіркелді

"Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 32-8) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жемдік қорды басқару жөніндегі қағидалар бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігі

Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи ресурстар

министрлігі

Жемдік қорды басқару жөніндегі қағидалар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жемдік қорды басқару жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 32-8) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және жемдік қорды басқару тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) астық қабылдау кәсіпорны – астық сақтау жүзеге асырылатын меншік құқығындағы астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) бар заңды тұлға;

2) астық нарығы жөніндегі оператор (бұдан әрі – оператор) – астық нарығында тұрақтандыру функциясын және астықтың резервтік қорын және жемдік қорды басқару жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания;

3) ауыл шаруашылығы жануарлары – адам өсіретін, ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар жануарлардың, құстардың, балықтардың және бал араларының барлық түрлері;

4) жемдік астық – ауыл шаруашылығы жануарларының азығына арналған астық;

5) жемдік қор – жаңа егінге дейінгі маусымаралық кезеңде ауыл шаруашылығы жануарларының, сондай-ақ құрама-жем өндірісін жүзеге асыратын кәсіпорындардың жемдік астыққа қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында құрылатын астық қоры;

6) жемдік қорды басқару – астық нарығы жөніндегі оператордың жемдік астықты бюджет қаражаты есебінен астық қабылдау кәсіпорындарында сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ жемдік астықты сатып алуға, өткізуге және айырбастауға бағытталған қызметі;

7) маусымаралық кезең – ішкі нарықта азық ұсынысының төмендеуіне байланысты, сондай-ақ республика өңірлерінде азық дайындауға теріс әсер ететін және гидрометеорологиялық қызметпен расталған төтенше жағдайлар (қалыптан тыс ауа райы жағдайлары) туындаған жағдайда бағалардың жоғары құбылмалылығымен сипатталатын көктем-жаз кезеңі;

8) уәкілетті орган – құзыреті шегінде астық нарығына қатысушылардың қызметін үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-тарау. Жемдік қорды басқару тәртібі

3. Оператор:

- 1) астық нарығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;
- 2) астықтың резервтік қорын ұстап тұруды қамтамасыз етеді;
- 3) астық сатып алуды жүзеге асырады;
- 4) ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету мақсатында ұн тарту ұйымдарына азық-түліктік астық жеткізуді қамтамасыз етеді;
- 5) тұқымдық қорды қалыптастыруға қатысады;
- 6) азық-түліктік астық сатып алу және жеткізу арқылы азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға жәрдемдеседі;
- 7) астықтың резервтік қорын айырбастауды жүзеге асырады;
- 8) жемдік қорды айырбастауды жүзеге асырады;
- 9) жемдік қорды қалыптастыруға қатысады және оны сақтап тұруды қамтамасыз етеді.

4. Жемдік қорды сақтау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 1 маусымдағы № 178 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22952 болып тіркелген) бекітілген "Астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес астық қолхаттарын шығара отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге лицензиясы бар астық қабылдау кәсіпорындарында жүзеге асырылады.

5. Оператор астық қабылдау кәсіпорындарын оператордың интернет-ресурсында орналастырылған оператордың ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен тандайды.

6. Жемдік қорды сақтау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-1/487 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11596 болып тіркелген) бекітілген астық қабылдау кәсіпорны мен астық иесі арасында астықты сақтаудың жария шартының үлгі нысанына сәйкес жасалатын астық қабылдау кәсіпорындары мен оператор арасындағы астықты сақтауға арналған шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

7. Астық қабылдау кәсіпорындары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 4-1/573 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11839 болып тіркелген) бекітілген Астықты сақтау қағидаларына сәйкес астықты сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 маусымдағы № 4-1/546 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11804 болып тіркелген) бекітілген Астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларына сәйкес сақтауға қабылданған астықтың сандық-сапалық сақталуын қамтамасыз етеді.

8. Астықты сатып алуды оператор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалатын шарттар негізінде жүзеге асырады.

9. Жемдік қор:

- 1) жаңа егінге дейінгі маусымаралық кезеңде ауыл шаруашылығы жануарларының;
- 2) құрама-жем өндірісін жүзеге асыратын кәсіпорындардың жемдік астыққа қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылады.

10. Жемдік қордан астықты құс және мал өсіру шаруашылықтарына, сондай-ақ құрама-жем өндіруді жүзеге асыратын кәсіпорындарға (бұдан әрі – алушылар) өткізуді тиісті жылдың 1 наурызынан 1 қыркүйегіне дейінгі кезеңде өңірлер, алушылар және дақылдар түрлері бөлінісіндегі көлемдерді көрсете отырып, уәкілетті органның жазбаша өтініші негізінде оператор жүзеге асырады.

Уәкілетті органның жазбаша өтініші облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының алушылар тізбесін, астық көлемі мен дақылдар түрлерін қамтитын өтініштері негізінде қалыптастырылады.

11. Жемдік қорды сақтау және жаңарту мақсатында оператор:

- 1) егер жемдік қордан астық өткізу тиісті жылдың 1 қыркүйегіне дейін толық көлемде жүзеге асырылмаған жағдайда, жемдік қордың жалпы көлемінің 65 (алпыс бес) пайызына дейін нарықтық бағалар бойынша өткізеді;

2) сапасы мен сақтау мерзімдерін сақтау үшін сыныптар мен дақылдар арасында астықты айырбастауды жүзеге асырады. Айырбастау операторда бар қорлардан ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес келетін астықтың баламалы көлеміне жүргізіледі.

12. Оператор жемдік қорды басқаруға байланысты қызметтің нәтижелері бойынша тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін уәкілетті органға осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жемдік қордың бар-жоғы туралы есепті ұсынады.

Жемдік қорды басқару
қағидаларына қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Жемдік қордың бар-жоғы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: № НФФ-1 нысаны

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезең: 20 __ жылғы __ __ __ __ тоқсан

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: астық нарығы жөніндегі оператор

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде

№	Астық қабылдау кәсіпорнының бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Астық қабылдау кәсіпорнының атауы	Астық қабылдау кәсіпорнының мекенжайы	Әкімшілік аумақтық объектілердің жіктеуіші бойынша коды	Астық көлемі, тонна
1	2	3	4	5	6

Оператордың атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почтасының мекенжайы _____

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Ескертпе: Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Жемдік қордың бар-жоғы туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсініктеме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған "Жемдік қордың бар-жоғы
туралы есеп" нысанына
қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Жемдік қордың бар-жоғы туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

(индексі: № НФФ-1 нысаны, жиілігі: тоқсан сайын)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Жемдік қордың бар-жоғы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды астық нарығы жөніндегі оператор толтырады.

3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы адам аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.
6. Нысанның 2-бағанында астық қабылдау кәсіпорнының бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.
7. Нысанның 3-бағанында астық қабылдау кәсіпорнының атауы көрсетіледі.
8. Нысанның 4-бағанында астық қабылдау кәсіпорнының мекенжайы көрсетіледі.
9. Нысанның 5-бағанында Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші бойынша коды көрсетіледі.
10. Нысанның 6-бағанында астық қабылдау кәсіпорнында сақталатын астықтың көлемі тоннамен көрсетіледі.